

Әлеуметтік мемлекеттік кепілдіктерді реттеу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 23 қантардағы N 2788 заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес қаулы етемін:

I. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақ ССР-інде азаматтарды пенсиямен қамсыздандыру туралы" 1991 жылғы 17 маусымдағы Қазақ ССР Заңының 17-бабы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 25, 328-құжат);

"Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін берілеттін зейнетақылар туралы ережені бекіту туралы" 1992 жылғы 17 қантардағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 5, 109-құжат; 1993 ж., N 8, 159-құжат; 1994 ж., N 16-17, 217-құжат).

II. Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсетулерге (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, қоқыс шығару, лифтілерге қызмет көрсету), отынға жұмсалатын шығындарды төлеу үшін, сондай-ақ жылына бір рет темір жолмен, әуе жолымен, қалааралық автомобиль көлігімен жол журуге арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

ЕСКЕРТУ. II-бөлім 2-бөлікпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1996.12.20. N 51-І Заңымен.

ЕСКЕРТУ. II бөлімі бірінші бөлігінің 2)-тармақшасы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.04.02. N 88-І Заңымен.

ЕСКЕРТУ. II бөлік өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен.

ЕСКЕРТУ. II бөлім жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.04.07. N 374 Заңымен.

III. Төрт және одан да көп бірге тұрғып жатқан, кәмелетке толмаған балалары (соның ішінде, оқу орындарын бітірген кезге дейін, кәмелеттік жасқа толғаннан кейін жоғары және арнаулы оқу орындарында оқитын балалары) бар көп балалы отбасыларына тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет көрсетулер (орталықтандырылған жылу,

сүйк және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, қоқыс шығару, лифтілерге қызмет көрсету) шығындарын төлеу үшін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

ЕСКЕРТУ. Жарлық III-бөліммен толықтырылды, III және IY бөлімдер тиісінше IY және Y бөлімдер болып саналды - Қазақстан Республикасының 1997.04.02. N 88-I Заңымен.

ЕСКЕРТУ. III бөлім жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.04.07. N 374 Заңымен.

IY. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге де орталық атқарушы органдарының өздерінің осы Жарлыққа қайшы келетін нормативтік актілері мен нұсқаулықтарын қайта қарап, күшін жоюын қамтамасыз етсін.

V. Осы Жарлық 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК